



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

СЕКЦИЯ 10 СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ

10.1 Актуальные проблемы философии и культурологии

УДК 008: 316.722

ҰЛТТЫҚ КИІМ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТТІҢ БЕЙНЕСІ РЕТІНДЕ

Бекеева Гулия

enu_mt11@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің философия кафедрасының Мт-21 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Қ.С.Ермағанбетова

Киім - денені ауа райының, сыртқы ортаның зиянды әсерінен қорғайтын, адамның денесіне сән беретін жасанды жамылғы, тұтыныс бұйымы. Ол - халықтың ұлттық белгісі. Оның ежелден тарихи түсінігі бар. Мысалы, Қытайдың бұрынғы диктаторы Мао Цзедунның бешпентінің өзі тұнып тұрған саясат екен. Бешпенттегі бес түйме Қытайдың негізгі әкімшілік, атқарушылық, заң шығарушылық, сот және бақылау сияқты билік тармақтарын білдіріпті. Ал төрт қалта Конфуцийден қалған әдептілік, сенімділік, абыройлылық пен тазалықты паш ететін болған. Сондай-ақ, костюмінің жеңіндегі үш түйме – ұлтшылдық, демократия және социализмді білдіреді екен [1, 176].

Киімдердің бәрі де адамдардың ақыл-ойы мен эстетикалық талғамының, еңбегінің жемісі. Киімдердің тігісті және тігіссіз болып бөлінетіні мәлім. Адамзат плеолит-тас дәуірінде-ақ тігіссіз байланатын лыпа киімдерді пайдаланып, сүйек ине, сүйек бізді қолдана отырып, тері және тоқыма киім-кешек жасауды үйренген. Ал енді неолит дәуірінен бастап өру, иіру, тоқу кәсібі өмірге келіп, иықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болды. Тігіссіз киім адам денесіне оралды. Көшпелілердің киім үлгілерінің тігілуі, пішіні, тәсілінде сабақтастық сақталған. Олар адамзат тарихында атқа отыруға қолайлы кең шалбар мен екі өңірі алдынан ашылатын, қаусырылатын кеуде киім-шапанды ойлап тауып, адамзат өркениетіне қосты, еуропалықтарға шалбар киюді үйретті.

Қазақ халқы - кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші. Қасиетті қазақ халқының, соның ішінде әйел адамдардың қолдарынан шыққан қолөнер туындыларының тарихы тым тереңде жатыр. Ол кең байтақ жерімізді мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн тәрізді көне түрік тайпаларының мәдениетінен арқау алады. Және де оған Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен Ресей халықтарының да мәдениеті өз әсерін тигізген. Осындай үнемі жаңғыру үстінде болған қазақ халқының дәстүрлі қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі ХІХ ғасырдың 2-жартысы мен ХХ ғасырдың басы. Археологиялық қазбалар мен жазба ескерткіштерге арқа сүйенсек, Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптері мен күнделікті тұрмыс қажетіне жарап, қол өнердің өз ұлтына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырған. Қазақстан жеріндегі қолөнердің көне заманнан келе жатқанына Павлодар өңіріндегі Досыбай жартасынан табылған бейнелер, Өскемендегі жазбалар мен Ұлытау жартасындағы суреттер, өзіміздің облыс көлеміндегі Лебедевқа, Қырықоба обаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған керамикалық қазындылардың беттеріне салынған геометриялық өрнектер нақты айғақ бола алады. Өзге де ғылыми деректерде қазақ даласында болған саяхатшылар қазақ топырағын мекендеген сақтар мен массагеттердің барлық заттардың әшекейленіп, киімдердің өзіне тән үлгісі барын айтады.

Адамзат қоғамын рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі –

халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болмасын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдеп-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихына тұрмыс тіршілігін ой елігінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдеп-ғұрып, салт-санасынан ауысуы тарихи оқиғалардан кейін, заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын.

Кейінгі ұрпақ үшін қасиеті мен қадірі, мәні мен мағынасы, берер тәлім-тәрбиесі мен ұлағаты ерекше асыл мұра – қазақтың ұлттық киімдері. Қазақ ұлттық киімдері өзінің сипатымен, сырымен, сұлулығы және сәнімен сан ғасырлық тарихының иісін сақтаған, бедерін жеткізген. Қазақ халқы бар өмірін ат үстінде өткізген көшпенділер құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығында, салқын самалы мен аңызак желіне қамсау болар ұлттық киімдердің түр – түрін ойлап тапқан. Қазақтың аса құрметті бұйымдарының бірі – киім тігу. Қазақы киім – көненің көзі. Ұлттық киім түрлерін нақты алғаш кімнің қолынан шыққаны, кімнің ойлап пішкені бізге беймәлім. Оның есесіне жылдар көші жылжыған сайын ұлттық киімдер дами түсіп, үнемі байытылып отырған. Ұлттық киімді этнографиялық жолмен, яғни далалық экспедициялар арқылы іздестіріп, киімді бұрынғы нақыштық, әлі де болса сақталып қалған нұсқаларын жинап, хабарлаушылар арқылы ел аузындағыларды жазып алғанның өзінде олардың білетіндіктерін әке-шешелерінен естігендерін қоса есептегенде, біздің бар мүмкіндігіміз хронологиялық жағынан ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басымен шектеледі. Республиканың музей қорында да негізінен осы киімдер сақталған.

Қазақстанда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан да қазақы киім жайлы мәлімет табыла бермейді. Ал, музей қорына келсек ондағы қазақтың дәстүрлі киім-кешегіне жаратылған мата, аң терілері, шекпен жұқа киізді сақтай білмесе бірте-бірте бұзыла берері сөзсіз.

Қазақтың ұлттық киімінің көп тарихы бар. Қазақ киімдерінің түрлері, атаулары жайлы Республикамыздың әйгілі ғалымы академик Ә. Марғұлан мен архитектура ғылымының кандидаты Т.Бәсенов, А.Масанов, Х.Арғынбаев, Ұ.Әбдіғатпарова еңбектерінде кеңінен айтылған.

Қазақ киімдерін кеңінен зерттеу Қазан революциясынан кейін ғана қолға алынды. «Қазақша киімді зерттеп білудің бірден-бір тиімді жолы жазба деректер болғанымен, оларда тікелей киімге қатысты мағлұматтар жоқтың қасы. Өкінішке орай, көне тарих жайлы көптеген мағлұматтар жинақталған қытай, араб, парсы, армян жазба деректері бұл тұрғыдан әлі зерттелмей келеді. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан да қазақша киім туралы деректер табыла бермейді», - дейді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркем-сурет факультетінің аға оқытушысы Ақмарал Сманова[2, 73б]. Педагогика ғылымдары кандидатының айтуынша, ұлттық киім - бай тарихи-мәдени мұра. Оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы халықтың хал ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Шетелдік зерттеушілерлердің сөздеріне қарағанда, қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде орта ғасырлардағы түріктерде кездеседі. Сондықтан қазақтардың қазіргі киімдерінің көбісі сақ дәуірінен бастау алады. ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары Ойыл мен Сағыз бойын мекендеген қазақтардың киім-кешегін палеоэтнологиялық деректермен салыстыра зерттеген С.И.Руденко, тіпті күпінің қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде екі мың жыл бұрын белгілі болған киім үлгісі екенін дәлелдеп берді[2, 108б]. Бұл қазақтың ұлттық киімдерінің тарихының көшпелілер (сақ, ғұн, қыпшақ) тарихымен тығыз байланыста екендігін танытады.

Біздің ұлы ата-бабамыз сақтарды гректер, парсылар – «скиф» деп, қытайлықтар «сэ» деп атаған. Ғалымдар мекендеген жеріне сәйкес оларды еуропалық, азиялық сақтар деп атаған. Нақты деректер бойынша, «шошақ бөрікті» тиграхауд сақтар Шаш (Ташкент),

Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Оңтүстік Арал маңы мен шығыста – Таулы Алтайды да мекендеген. «Алтын Адам жерленген Есік қорғаны (1969-1970 жылдары ашылған) сақтардан қалған ескерткіштер де, осы қорғаннан табылған Алтын киімді бекзада сақ-тиграхаудтар мәдениетіне тән.

VI ғасырда Қазақстан территориясында көптеген түркі тайпаларын біріктірген қуатты мемлекет – Түркі қағанаты өмір сүрді. Ол Иран, Византия мемлекеттерімен сауда-саттық жасап, Ежелгі Русьтен қымбат бағалы аң терілерін, көптеген мата түрлерін, жарқыраған асыл тастарды әкелді. Фландриядан сапалы мауыты, Үндістаннан кашемир, мақта-маталар, маржан тастар, Қытайдан жібек, Византиядан қымбат барқыт, алтындап тоқылған парша маталар сатып алынып, көркем киім-кешектер жасалынды. Сол кезде қағанат жеріндегі адамдар жібектен тігілген киім киді. Қаған ордасында болған қытай монахы Сюань Цзянь бұл жөнінде кезінде былай деп жазды: «Қаған жасыл жібектен желбегей шапан киген, оның жанында жүрген нөкерлері де қамқадан желбегей шапандар жамылған, қандай тамаша көрініс»[3, 266]. Орта ғасырда қазақ жерінде өмір сүрген түркі тайпаларының бас және сыртқы киімдерінің үлгілері Орхон – Енисей ескерткіштері мен тас мүсіндері сақталып қалған. XI ғасырда Түрік қағанатының жері ұлы даланың перзенттері – қыпшақтардың қолына көшіп, көшпенділердің киім үлгілері одан әрі байыды. Әсіресе, батырлар киімдері жан-жақты жетілдірілді. Қазақтың бірқатар ұлттық киімдерінің түлері мен атауы үш жүздің, оның руларының аттарымен де жеке бөлініп айтылады. Олар: қыпшақ тымақ, арғын тымақ, найман тымақ, адай бөрік, қызай бөрік және тағы да басқа киім-кешектер. Біздің ұлттық киімдеріміз жасалған географиялық аймағына қарай да ерекше мәнер үлгісіне бөленген. Олардың кейбірін Жетісу үлгісі, Арқаның үлгісі деп бөліп жатады. Қазақтың ұлттық киім үлгілеріне көршілес орыс, тәжік, қырғыз, түркімен халықтарының киім тігу мәнерінің де тигізген ықпалы мол.

Қыпшақтардың ішкі-сыртқы киімдері көшіп-қонуға, еркін жүріп-тұруға, ауа-райының барлық жағдайларына қолайлы етіп тігілген. Негізінен, Еуропаға шалбар киюді де үйреткен - Қыпшақтар. Олардың киімдері төзімді де ыңғайлы, қарапайым да әсем болған, мұндай киім киген адамдарға қыстың қаһарлы аязы, жаздың аптап ыстығы, күздің қара суығы, жауын-шашын ешбір қауіп-қатер төндіре алмаған. Қазақтың ұлттық киімдерінің жасалуы жөнінде Сәбит Мұқанов былай деп жазады: «Адамға ауа-райының қолайсыз жағдайынан қорғану үшін және көріктілік үшін де киім қажет. Ертедегі адамдарың киім кешектері мал терісінен жасалатын еді. Әсіресе, теріні сырт киім үшін пайдаланатынды».

Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдердің бәрін жүріп-тұруға бөгет жасамайтындай етіп ықшамдап тіккен. Киімнің қолтық тұсы кең болу үшін «қолтырмаш», етегі кең болу үшін бүйірден «шабу» қойған. Пішкен киімді тігетін негізгі құрал – ине. Иненің үлкені тебен немесе жуалдыз деп аталады. Онымен киіз сияқты қалың нәрсені ғана тігеді. Іске олақ кісіні «көк инені көзіне түрте білмейді» деп сөгеді. Инені қолданардан бұрын отқа қыздырып жасытады. Сонда иненің сыртында жұқа қабыршақ пайда болады. Оның аты «жасу». Кейде қолғабысы жоқ, бос жүрген адамға «иненің жасуындай пайдаңды көрмедім» деуі содан. Әрбір іс ойдағыдай орындалған қызық «сабақты ине сәтімен» дейді.

Киім пішілгеннен кейін бөлшектерді долбарлап құрастыруды «көктеу», тігісті ірілеу етіп шаншуды «қабу», ұсақтап шаншуды «тепшу», «қаю», жаға-жеңін әшекейлеуді «кестелеу» дейді» [3, 516].

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшығы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы - киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір - қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында ойын - сауыққа пайдаланады (қалыңдыққа сәукеле кигізу). Қазақ халқының киім - кешегі - ұлттық, тұрмыстық және рухани мәдениеттің бағалы ескерткіштерінің бірі. Одан қазақ халқының ұлттық

ерекшеліктері, мәдени дәстүрлері, эстетикалық талғамы анық байқалады. Киімнің тігілуінен халық тұрмысының жай - күйі, мәдениетінің қалыптасуы, ғасырлар бойы жинаған еңбек тәжірибесі көрінеді. Ұлттық киімдер сәндеп кестеленеді, зергерлік және басқа әшекей заттармен әдіптеледі. Халық шеберлерінің көптеген қолтумалары өнердің өлмес туындыларына айналды. Бұлар - қазақ халқының мәдени қазынасы.

Біздің заманымыздан бұрынғы қиян дәуірлер шежіресі бүгінгі таңда тек қана мұражай мұрағаттарында сақталған мұрағаттар мен тарихи әдеби еңбектерде, мерзімді ұлттық мерекелі жиындарда ғана елес беріп қалады. Мәдени мұралар арқылы ғана тіл қатып, тарих сахнасында мыңдаған жылдар бұрын өзіндік болмыс бітімі бөлек көшпенді бабаларымыз ойсыз көзге шалына бермес асыл мұраларды, тәрбиелік терең мәні бар өнегені күнделікті тұрмысымызда елеулі орын алатын ұлттық киімдер арқылы беріп отырған екен. Халықтық мәдениет, біздің түп тамырымыз, тініміз. Бірақ біз осы бір қарапайым киім үлгісін ұлттық мерекелерде ғана жоспар бойынша ғана пайдаланамыз. Киімнің мұндай үлкен тәрбиелік мәні бар сырын ешкім айтып түсіндіріп жатқан жоқ. Өйткені оған мән берген адам некен-саяқ. Егер ұлттық киімнің қадірін біліп, сырын ұғып, ұлтын құрмет тұтсақ өзге ұлттың киімін кимеген болар едік.

Ұлттық киімді күнделікті өмірде қолдану туралы бірқатар ұлтымыздың жанашырлары өздерінің ойларын білдіріпті. Соның бірі журналист Ирина Советжанқызы: «Ұлттық киімді жаппай жұмыста киесіндер деген талап қойылса, бірден келісе кетемін деп өтірік айтпай-ақ қояйын. Ұлтты сүю – үстіне ұзын етекте көйлек, басыңа сәукеле киіп жүру, — деген сөз емес! Бірақ күнделікті киіп жүруге ыңғайлы, яғни қазақы оюмен көмкерілген, ең бастысы – ұлттық нышанның иісі аңқып тұратын киімдер болса неге кимеске?»- деп өзінің ұлттық киімді күнделікті өмірде киіп жүруге ниетін білдірді [1, 25].

Қоғам қайраткері Асылы Осман да: «Қазақтың ою-өрнегі, ата бабамыздан келе жатқан өзіндік эстетикалық даралықты көрсетіп тұратындықтан соны сақтап, бірақ бүгінгі заманның талабына, сұранысына сай өзгертіп тұрса, оны мен ешуақытта айып санамаймын. Қазақ екендігімізді айқындайтын, ұлттық нышанның киімдерімізде болуын үрдіске айналдыру керек», - деп, ұлттық нышанды ұлттық киімнен анықтауғы болатынын айтқан. [4]

Имандылықтың, ибалылықтың, ізгіліктің, парасаттылықтың қайнар көзі – салт-дәстүр. Отан сүйгіш, рухы асқақ, ойы салмақты, өрісі кең, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт тәрбиесінің де бастауы – тарихы мол әдет-ғұрыптың күре тамырында. Ендеше, өз мәнділігімізді жоғалтып алмау үшін қазақы болмысымызды көрсететін, өзімізге жарасымды, үстімізге қонымды киім үлгісін кигеніміз жөн.

Қолданылған әдебиет

1. Тохтабаева Ш.Ж. Функция казахской традиционной одежды //Известия НАН РК Серия общественных наук. 1994. №1. С.14-28.
2. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. -Алматы,1996. – 192 бет.
3. Қазақ халқының ұлттық киімдері.-Алматы, 2007. – 384 бет.
4. Дарын Нұрсапаров. «Ұлттық киім киесіз бе?» 20 наурыз 2012 ж./adyna.kz

УДК 091

МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПРОСТРАНСТВЕ ФИЛОСОФИИ

Гайдаров Ибрагим Айвазович

ibragimgaidarov@mail.ru

Студент второго курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева механико-математического факультета
специальности научная математика

Астана, Казахстан

Научный руководитель – к.ф.н., доцент У.М. Сандыбаева